



BUIRYQ

04.09.2019

Nur-Sultan qalasy

ПРИКАЗ

№

21-0

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігінің
Экология, геология және табиғи
ресурстар мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес туралы ережені
бекіту туралы**

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңы 8-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 тамыздағы №516 қаулысымен бекітілген Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережеге сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экология, геология және табиғи ресурстар мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес туралы ереже бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Жауапты хатшысы С. Нұрлыбайға жүктелсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің м.а.

Е. Нысанбаев

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.
2019 жылғы «04» қыркүйектегі
№ 21-0 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар
министрлігінің Экология, геология және табиғи ресурстар мәселелері
жөніндегі қоғамдық кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қоғамдық кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экология, геология және табиғи ресурстар мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңесі (бұдан әрі – Министрліктің Қоғамдық кеңесі) – Министрлік, коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдерінен тұратын, Министрлік пен коммерциялық емес ұйымдар және азаматтардың арасындағы өзара іс-қимылды және ынтымақтасты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін құрылған консультативтік-кеңесші орган.

3. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің құрамына Министрліктің, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері және Қазақстан Республикасының азаматтары кіреді. Қоғамдық кеңестегі азаматтық қоғам өкілдерінің саны оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісін құрауға тиіс.

4. Министрліктің Қоғамдық кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, оған сәйкес заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Үлгілік ережені басшылыққа алады.

2. Министрліктің Қоғамдық кеңесінің мақсаты мен міндеттері

5. Азаматтық қоғамның қоғамдық маңызды мәселелері қоршаған ортаны қорғау, «жасыл экономиканы» дамыту, өндірістік және тұтыну қалдықтарды басқару (коммуналдық, медициналық және радиоактивті қалдықтарды қоспағанда), табиғат ресурстарын қорғау, олардың ұтымды пайдаланылуын бақылау және қадағалау, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру, су қорын пайдалану және қорғау, сумен

жабдықтау, су бұру, орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында басқару процесін үйлестіру салалары бойынша пікірін білдіру Министрліктің Қоғамдық кеңесі қызметінің мақсаты болып табылады.

6. Министрліктің қоғамдық кеңесінің міндеттері:

- 1) азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру;
- 2) азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды дамыту;
- 3) қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мен Министрліктің қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Министрліктің Қоғамдық кеңесі қызметінің қағидаттары

7. Министрліктің қоғамдық кеңесі өз қызметін мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) қоғамдық негіздегі қызметі;
- 2) автономдық;
- 3) дербестік;
- 4) жариялылық;
- 5) олардың мүшелерін кезең-кезеңмен ротациялау.

4. Министрлік Қоғамдық кеңесінің өкілеттіктері

8. Министрліктің қоғамдық кеңесінің өкілеттігіне мыналар:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, Министрлік стратегиялық жоспарларының, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың жобаларын талқылау;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының, Министрлік стратегиялық жоспарларының, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың орындалуын талқылау;

3) нысаналы индикаторларға қол жеткізуі туралы есептерін талқылау;

4) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы, қайырымдылықтан түсетін ақшаның түсуі мен жұмсалуды туралы есептерін талқылау;

5) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу;

6) қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қоса алғанда, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және мемлекеттік аппараттың ашық жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды мемлекеттік органдарға енгізу;

8) қоғамдық бақылауды осы Заңда көзделген өзге де нысандарда жүзеге асыру;

9) Министрліктің қоғамдық кеңесі туралы ереженің жобасын оның бірінші отырысында талқылау және бекіту үшін Министрлікке енгізу;

10) мынадай бағыттар:

1. экология және геология;

2. табиғи ресурстар (орман, балық шаруашылығы және жануарлар дүниесі, су ресурстары);

3. бюджет, стратегиялық және нормативтік-құқықтық бағыттар бойынша комиссиялар құру.

5. Министрлік Қоғамдық кеңесінің және олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

9. Министрліктің Қоғамдық кеңесі мүшелерінің өз өкілеттіктерін іске асыру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негізде және тәртіппен Министрлікке кіруге;

2) Министрлікпен келісу бойынша Министрліктің өзге де жұмыс органдарының жұмысына қатысуға;

3) осы Заңда белгіленген өз өкілеттіктерін жүзеге асыру мақсатында қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша Министрлікке жүгінуге құқығы бар.

10. Өз қызметінде Министрліктің Қоғамдық кеңесі және оның мүшелері:

1) Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі актілерінің, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің нормаларын сақтауға;

2) өз қызметін жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асыруға;

3) Қоғамдық кеңестің мүшесі Қоғамдық кеңестің жұмысына белсенді араласып, отырыстарына қатысу керек. Отырыста себепсіз 3 реттен артық болмаған жағдайда, Кеңес оны шығарып жіберу туралы шешім қабылдайды.

4) жылына екі реттен сиретпей бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) интернет-ресурстар арқылы халыққа Министрліктің Қоғамдық кеңесінің қызметі туралы ақпарат беруге;

5) өз қызметі туралы жылдық есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және (немесе) Министрліктің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

6. Министрлік Қоғамдық кеңесінің отырысын дайындау және өткізу

11. Министрлік Қоғамдық кеңесінің отырыстары Министрліктің Қоғамдық кеңесінің Жұмыс жоспарына сәйкес қажет болған жағдайда өткізіледі.

12. Министрлік Қоғамдық кеңесінің отырыстары өткізілгенге дейін кемінде он жұмыс күні қалғанда хатшы жұмыс тобының мүшелерін оның өткізілу уақыты, орны, талқыланатын мәселелер туралы құлақтандырады.

13. Министрлік Қоғамдық кеңесінің отырысы оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде құқықты деп есептеледі.

14. Министрлік Қоғамдық кеңесінің отырысын Министрлік Қоғамдық кеңесінің төрағасы жүргізеді.

15. Министрлік Қоғамдық кеңесінің отырысында шешімдер ашық дауыс беру жолымен қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауыс беруі арқылы қабылданады.

16. Қоғамдық тыңдауды өткізу барысында хаттама жүргізіледі, онда:

- 1) қоғамдық тыңдау өткізілетін күні мен орны;
- 2) қатысушылардың саны;
- 3) қоғамдық тыңдау төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);
- 4) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің мазмұны тіркеледі.

17. Қоғамдық тыңдау нәтижелері бойынша қорытынды хаттама қабылданады, оған қоғамдық тыңдау төрағасы мен хатшысы қол қояды.

7. Министрлік Қоғамдық кеңесінің қызметін жүзеге асыру тәртібі

18. Министрлік Қоғамдық кеңесінің қоғамдық бақылау саласындағы қызметін жүзеге асыру және өкілеттіктерін іске асыруы тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
